

Ақсу қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 142/17 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 қарашада № 5682 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 145 бұйрығына, Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" № 89/4 қаулысына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақсу қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
қалалық мәслихаттың хатшысы*

М. Омарғалиев
Ақсу қалалық мәслихатының
2017 жылғы 3 қарашадағы
№ 142/17 шешімімен
бекітілген

Ақсу қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке келетін текше метр нормасы
1	2	3	4
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,95
2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2
3	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,19
4	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,96
5	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,65

6	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,8
7	Емханалар	1 кіріп-шығу	0,013
8	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,3
9	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,3
10	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отырғызу орны	1,8
11	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отырғызу орны	0,4
12	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,1
13	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,08
14	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,1
15	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м ²	1,02
16	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	4,5
17	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,34
18	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,49
19	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,7
20	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,48
21	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,3
22	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,12
23	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,09
24	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,38
25	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,57
26	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,11
27	Гараж кооперативтері	1 гаражға	1,58
28	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	3,1

29	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,47
30	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,3
31	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	5,5
32	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,19
33	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1 0 0 0 қатысушы	0,76
34	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	3,43

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ